

БОӨЖ 7. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігі



Тексерген: Жумагулова Шолпан
Орындаған: Жорабек Нұрсұлтанбек
Амирхан Айсұлтан
Тобы: Ю-21-3

Бір адамның бір (жеке) немесе бірнеше қылмыс істеуі мүмкін. Жеке қылмыс деп қылмыстық заңда көрсетілген бір әрекеттен, зардаптан, кінәнің нысанынан құралатын бір құрамды білдіретін және Ерекше бөлімнің бір бабымен ғана сараланатын қылмысты айтамыз.



Қылмыстардың көптігінің өзіне тән белгісі — бір тұлғаның кемінде екі қылмыс, яғни қылмыстардың дербес құрамдарының белгілері бар әрекеттер (немесе жиынтықталған бір әрекет) жасауы. Кейбір жағдайларда бір адам бірнеше қылмысты істеуі мүмкін, мұндай жағдайда олардың іс-әрекетін дұрыс саралау үшін қылмыстардың көптігінің түсінігін дұрыс анықтау керек. Қылмыстық жауапқа тартудың мерзімі ескірмеген немесе сотталғандықтан арылмаған немесе сотталғандығы жойылмаған жағдайда бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстарды істеуін қылмыстар көптігі деп айтамыз. Қылмыстардың көптігінің өзіндік белгілері: бір адамның екі немесе одан да көп әрқайсысы жеке-жеке құрам болып табылатын қылмысты істеуі болып табылады. Сондықтан әкімшілік құқық бұзушылық іс-әрекеті қылмыстар көптігіне жатпайды.



ҚК-тің **11-бабының** бірінші бөлігіне сәйкес — жалғаспалы қылмыс ортақ ниетпен және мақсатпен қамтылып, тұтас алғанда, бірдей қылмыстық әрекеттер қатарынан тұрады. Әдетте, жалғаспалы қылмыстар әрекеттерден туындайды, бірақ әрекетсіздіктен де тұруы мүмкін (ҚК-тің **315-бабындағы** — қызметтегі әрекетсіздік). Барлығын тұтас алғанда жалғаспалы қылмысты құраушы әрекеттердің әрқайсысы жеке алғанда дербес қылмыс болуы да болмауы да мүмкін (әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылықпен байланысты немесе тіпті ешқандай заң жауаптылығына байланыссыз). Алайда, кез келген жағдайда да, мұндай әрекеттердің әрқайсысы заң тұрғысынан өз алдына жеке сараланбауы тиіс, себебі, ол жалғаспалы қылмыс болып табылатын тұтас әрекеттің бір кезеңі ғана.

Мысал ретінде жалғаспалы ұрлықты алуға болады. Егер де кінәлі деп табылған адам қоймадағы азық-түлікті белгілі бір уақыт аралығында азғантай мөлшерде алып шығып ұрлап отырса, оның әрекеттерінде қылмыстың көптігі болмайды. Бұл орайда, қылмыскердің әр кезде ұрлап шығарған мүлкінің мөлшерінің маңызы жоқ. Әр жолғы ұрланған мүлік мөлшері әртүрлі болып келтірілген залал бір жолы айтарлықтай келесі бір жолы елеусіз болғандықтан қоғамдық қауіптілікке жатпайтын және ҚК-тің **9-бабының** екінші бөлігіне сәйкес қылмыс болып табылмайтын күнде де бұл ұрлықтың — жалғаспалы деп танылғаны орынды.


Қазіргі қылмыстық заңдар бойынша қылмыстардың көптігінің төмендегідей түрлері айқындалып, ажыратылады:

- 1) қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы;**
- 2) қылмыстардың жиынтығы;**
- 3) қылмыстың қайталануы**


Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы дегеннің мағынасына тереңірек үңілер болсақ, ол — бір тұлғаның екі немесе одан да көп қылмыстар жасауы. Бұл әрекеттері үшін тұлғаның сотталған-сотталмағандығы ескерілмейді.

Осы заңның мазмұнына сәйкес қылмысты бірнеше мәрте жасады деп тану үшін бірінші және одан кейінгі қылмыстарды істеуде уақыты жөнінен үзіліс болуы және қылмыстық жауапқа тартудың ескіруі болмаса, егер сотталған болса, сотталғандықтан арылмаса немесе сотталғандығы жойылмауы негізгі шарт болып табылады. Егер бұрын істелген қылмыстар үшін оны істеген адам қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылған болса немесе заңда белгіленген тәртіп бойынша осы қылмыстары үшін сотталғандықтан арылса немесе сотталғандығы жойылса, қылмыс бірнеше мәрте жасалды деп танылмайды. Сол сияқты жалғаспалы қылмыстар да бірнеше мәрте жасалған қылмыс болып табылмайды.

Қылмыстық құқық теориясында бірнеше мәрте жасалған қылмыс жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді.



Бірнеше мәрте жасалған қылмыстың жалпы қайталануы деп істелген қылмыстың қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесіне қарамастан кез келген басқа бір қылмысты қайталап жасаушылықты айтамыз.



Бірнеше мәрте жасалған қылмыстың арнаулы қайталануы деп адамның ұқсас немесе бір тектес қылмысты іс-әрекетті тағы да жасауы болып табылады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ

Егер адам Қылмыстық кодекстің әр түрлі баптарында, ал жеке реттерде баптардың бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп қылмыстарды істесе, оның бірде біреуі үшін сотталмаса немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаса, онда оның іс-әрекетінде қылмыстың жиынтығы бар деп танылады. Басқа сөзбен айтқанда, кінәлі түрде істелген іс-әрекетте екі немесе одан да көп қылмыстың құрамы болады. Кінәлінің істеген іс-әрекеті Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген баптардың әр түрлі бөлігінің немесе бір баптың неше түрлі тармақшаларында көрсетілген қылмыс құрамының белгілеріне сәйкес болуы керек. Сол сияқты адамның істеген біркелкі әрекетінің біреуі біткен қылмыс та, басқасы қылмысқа дайындалуды, оқталуды немесе қылмысқа қатысуды түзетін болса, онда мұндай әрекет те қылмыстың жиынтығы болып табылады.



Мысалы У. төртінші қабаттағы пәтерінде тұрып жолда өтіп бара жатқан өзінің жек көретін танысы С-ны ауыр жаралау мақсатымен төртінші қабаттан С-ға қаратып жұдырықтай тас лақтырады. Тас С-ға тимей Ж деген әйелге тиіп, оған ауыр дене жарақатын түсіреді. Осы мысалдан У-дың бір әрекетінен екі қылмыс жасағанын көріп отырмыз. Оның біріншісі С-ға ауыр дене жарақатын салуға оқталу, екіншісі Т-ға абайсызда ауыр дене жарақатын түсіру. Қылмыстың нақты жиынтығы деп адамның әр түрлі іс-әрекеті арқылы қылмыстық заңның әр түрлі бабына (баптың бөлімдеріне, баптың тармақшаларына) жататын қылмыс жасауын айтамыз.




Қылмыстың қайталануы

Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін сотталғандығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы қылмыстың қайталануы деп танылады (**13-бап, 1-бөлігі**).

Қылмыстың қайталануын білу үшін бұрын міндетті түрде сотталғандығы, бұрынғы істеген қылмысы үшін жазаны толық немесе ішінара өтеуі, соңғы қасақана қылмысты істегенде сотталғандық атағының болуы шарт. Яғни, қылмыстың қайталануы, көптік қылмыстардың ішіндегі ең қауіпті түрінің бірі.

Қасақана қылмыс істеп, сол үшін сотталып, одан тиісті қорытынды шығармай, тағы да қасақана қылмыс істеудің өзі мұндай адамдардың мемлекет, қоғам, жеке азаматтардың мүддесіне қауіптірек екендігін көрсетеді. Осыған орай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының **1993** жылғы **24** маусымдағы "Жаза тағайындағанда соттардың заңды дұрыс қолдануы туралы" № **3** қаулысына сәйкес соттардың назары бұрын сотталған, бірақ түзелгісі келмейтін адамдарға заңда көрсетілген жазалаудың қатаң шараларының қолданылуы керектігіне аударылды. Қылмыстың қайталануы соттың мұндай адамдарға қатаңырақ жаза тағайындауына негіз береді және бұрын сотталғандығы бар адамдарға заң бойынша жазаны өтеу түзеу колониясының қатаң режимінде өтеуге тағайындалады.

Сотталғандық атағы жойылмаған немесе одан арылмаған адамның жаңа қылмыс істеуі ресми қылмыстық, қайталау болып табылады. Ресми қылмыстық қайталау деген атақтың болуы кінәлі адамның іс-әрекетін саралауға, оған жаза тағайындағанда немесе бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанда жаза өтеу колониясының түрін белгілеуге, сондай-ақ шартты жазаны, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңілірек жазамен ауыстыруды, қолдану, қолданбау мәселесінде сотталғандықтан арылу немесе оны жою сияқты мәселелерді шешуге тікелей әсері бар.



Назарларыңызға
рахмет!

